

## Инвестициялық преференцияларды беруге арналған өтінімдерді қабылдау, тіркеу және қарау қағидаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2012 жылғы 1 маусымдағы № 183 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 28 маусымда № 7759 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1281 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 30.12.2015 № 1281 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

«Инвестициялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған инвестициялық преференцияларды беруге арналған өтінімдерді қабылдау, тіркеу және қарау қағидалары бекітілсін.

2. «Инвестициялық преференцияларды беруге арналған өтінімдерді қабылдау, тіркеу және қарау Ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Инвестиция комитеті төрағасының 2005 жылғы 5 маусымдағы № 38-п бұйрығының күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тіркелімінде № 3708 тіркелген, «Юридическая газета» газетінде 2005 жылғы 29 қыркүйектегі № 179 (9 1 3) жарияланған).

3. Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Инвестиция комитеті (А.Ж. Серіков) заңнамамен белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар бірінші вице-министрі А.П. Рауға жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді.

*Министр* **Ә. Исекешев**  
Қазақстан Республикасының  
Индустрия және жаңа технологиялар

## **Инвестициялық преференцияларды беруге арналған өтінімдерді қабылдау, тіркеу және қарау қағидалары**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Инвестициялық преференцияларды беруге арналған өтінімдерді қабылдау, тіркеу және қарау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалары) инвестиция жөніндегі уәкілетті орган инвестициялық преференцияларды беруге арналған өтінімдерді қабылдау, тіркеу және қарау тәртібін анықтайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар қолданылады:

1) инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайтын инвестициялық келісім-шарттар жасау және олардың орындалуын бақылау жөніндегі мемлекеттік орган;

2) өтінім беруші - қызметтің басым түрлерінде инвестициялық жобаны немесе инвестициялық стратегиялық жобаны іске асыру үшін инвестициялық преференцияларды алуға өтінім берген Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы.

### **2. Өтінімдерді қабылдау және тіркеу**

3. Инвестициялық преференцияларды алуға өтінімді өтінім беруші уәкілетті органның кеңсесіне тапсырады, ол тіркеу нөмірін берумен және күнімен тіркеледі одан соң уәкілетті органның бірінші басшысына немесе оның орынбасарына беріледі.

4. Уәкілетті органның басшысы немесе оның орынбасары өтінімді «Инвестициялар туралы» Заңның (бұдан әрі – Заң) талаптарына сәйкестігін тексеру үшін уәкілетті органның тиісті бөлімшесіне береді.

### **3. Өтінімді қарау**

5. Инвестициялық преференцияларды беру үшін өтінім қарау мерзімі жиырма жұмыс күнін құрайды.

6. Уәкілетті органның тиісті бөлімшесі өтінімді инвестициялық преференцияларды беру мәніне қараған кезде:

1) өтінімнің бекітілген нысанға сәйкестігіне талдау жүргізеді:

- 2) Заңның 19-бабында көрсетілген құжаттардың барын айқындайды;
  - 3) инвестициялық жобаның немесе инвестициялық стратегиялық жобаның бизнес-жоспарын Заңның 19-бабының 4-тармақшасына сәйкес бекітілген Талаптар сәйкестігіне талдау жүргізеді;
  - 4) инвестициялық жобаның немесе инвестициялық стратегиялық жобаның қаржыландыру көздерінің болуына және қаржыландыру кепілдігін анықтайды;
  - 5) салықтық қарыз, басқа да міндетті төлемдер және әлеуметтік аударымдар бойынша қарыздардың жоқтығына талдау жасайды;
  - 6) инвестициялық мәселелер (келісімдер) бойынша мемлекеттік органдармен және басқа мекемелермен өзара жұмыс атқарады.
7. Тапсырыстың нәтижелері бойынша Уәкілетті орган инвестициялық преференцияларды беру немесе бас тарту жөнінде шешім қабылдайды, ол жайлы Өтінім берушіге жазбаша жауап жібереді. Инвестициялық преференцияларды беруге бас тарту жөніндегі шешім уәжді болуы тиіс.